



«Жасыл Ел» бағдарламасы

(Мекен жайы: Тараз қаласы, 080000, Болтірік Шешен к-сі, 2)

Мектеп, студент және жұмыссыз жастарды маусымдық жұмысқа орналастыру, жастардың бойында Отанға деген патриотизмді және туған өлкенің байлығына ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 632 Қаулысымен «Жасыл ел» бағдарламасы бекітілген.

«Жасыл ел» бағдарламасын іске асыру мемлекеттік жастар саясатының негізгі басым бағыттарының бірі. «Жасыл ел» жастар ұйымының міндеті: Жасыл аймақтар мен қалалар, елді-мекендердегі дендросаябақтарды құруға қатысу. Ел-мекендерге жақын маңдағы орман, бақтардың демалыс аумақтарын тазалау, суғару, әктеу, көріктендіру. Бүгінде «Жасыл ел» республикалық штабы жалпы мемлекеттік жастар қозғалысына айналды.

Бағдарламаны жүзеге асырудың механизмі:

1. «Жасыл ел» бағдарламасы жастарға (14-29 жас) жазғы демалыс кезеңінде студенттік отрядтарда әр түрлі бағыттар бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді: құрылыс, елді мекендерді көгалдандыру (ағаш отырғызу, отау, ормандарды, су қоймаларын санитарлық тазарту және т.б.), өз қаласын абаттандыру.

2. Жұмысқа орналасу және шарт жасасу үшін «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының штабы филиалдарына жүгіну қажет.

3. Бағдарламаны іске асыруға және студенттік отрядтардың жұмысына мемлекеттік жастар саясатына жетекшілік ететін мемлекеттік орган (Жастар саясаты, Ақпарат және

қоғамдық даму, ішкі саясат мәселелері жөніндегі басқармалар (қалалық және аудандық бөлімдер) жаныныдағы әрбір өңірде ашық штабтар жетекшілік етеді.

4. Сарбаздардың жалақысы жұмыс көлеміне байланысты 30 000-150 000 теңгеге дейін өзгереді.

Заңнамаға сәйкес жұмыс уақыты жасына байланысты есептеледі. Мысалы,

14 жастағы балалар күніне 4 сағат жұмыс істейді.

16 жастан асқандар 6 сағат жұмыс істейді.

18 жастан бастап-күніне 8 сағаттан.

Барлығы аптасына бес күн жұмыс істейді.

Жұмысқа орналасу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1. Жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі. Егер Сіз кәмелетке толмаған болсаңыз, Сізге ата-ананың немесе заңды қамқоршылардың жазбаша рұқсаты қажет.
2. Студенттерге арналған оқу орнынан анықтама.
3. Денсаулық жағдайы туралы терапевт анықтамасы. Оні тіркелген жері бойынша емханадан алуға болады.
4. Банктік шот.
5. Зейнетақы қорынан шарт
6. Сурет 3x4 (2 дана).